

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Стамбекова Жазира Курмангалиевнаның «Жаңартылған білім мазмұны
жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке
даярлау» тақырыбындағы диссертациясына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңын» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы құжаттарды басшылыққа алуымен сипатталады. Бұған қоса, ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жолдауларында жоғары оқу орындары болашақ мамандардың сапалы даярлануына тоқталып, инновациялық әрекетке даяр болудың маңыздылығын атап көрсеткен болып отыр.</p> <p>Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін тағы бір мәселе – жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып педагогтерін дайындау үдерісінде жүзеге асырылып жатқан көптеген құнды жаңа бағыттар, сонымен бірге осы жүйедегі зияткерлік, инновациялық, дидактикалық, жаңа білім берудегі әлеуетті құндылықтар болып саналатын білім мазмұны болашақ бастауыш сынып педагогтерін жоғары оқу орнында инновациялық әрекетке арнайы даярлаудың мүмкін екенін және оны сапалы ұйымдастырудың сенімді өлшемдері ретінде үйретілетіндігі. Ертеңгі күні өмірлік тәжірибелік алаңы – мектепке барған кезде</p>

			<p>болашақ бастауыш сынып педагогтерінің білім алу сапасы да танылатыны анық. Сондықтан қазіргі уақытта ғылымда болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау мәселесі өзекті болғандықтан, Ж.К.Стамбекованың «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады.</p> <p>Ж.К.Стамбекованың диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>3.Ж.К.Стамбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p><i>Біріншіден</i>, жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған және «инновациялық әрекет» ұғымы мен «болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» түсінігінің мәнін нақтылап, құрылымын анықтауы арқылы елеулі</p>

			<p>үлесін қосады және зерттеуде оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Екіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындау арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Төртіншіден,</i> жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесі: «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсының бағдарламасы; «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралы және ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасының әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Ж.К.Стамбекованың орындалған зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған диссертациялық жұмыс болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтерді тереңірек беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары , барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы және құрылымды сақтай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігінің негіздемесі қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлауды жаңа бағытта жетілдіру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі; болашақ бастауыш сынып

		педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау қажеттілігі мен оның моделінің жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, болашақ бастауыш сынып болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды . Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді , бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан . Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді шешуге арналған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа	Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу; тәжірибелік-экспермент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен

		авторлардың сілтемелеріне негізделген	салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75%</p>	<p>Ж.К. Стамбекованың диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Атап айтсақ:</p> <p>- ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, ізденуші «инновациялық әрекет» ұғымы және «болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» түсінігінің мазмұны байытылып, нақтылануы – бірінші нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел;</p> <p>- ғылыми нәтижеге жету үшін жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктерінің айқындалуы – екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>- ғылыми нәтижеге жетуде жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы – үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігінің дәлелі;</p> <p>- ғылыми нәтиже ретінде жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың ғылыми негізделген әдістемесі жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Ж.К. Стамбекованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының</p>

		<p>жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындыларын келесідей ұсынамыз:</p> <p><i>-бірінші қорытынды</i> Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы бойынша философиялық, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау толығымен жаңа болып табылады. Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың тұғырлары басшылыққа алынуы толығымен жаңа;</p> <p><i>-екінші қорытынды</i> бойынша докторант білімнің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысында негізгі категориялар болатын «инновациялық әрекет» ұғымы және «болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» түсінігінің мәнінің нақтылануы толығымен жаңа болады.</p> <p><i>-үшінші қорытынды</i> ретінде мотивациялық, когнитивтік, инновациялық-әрекеттік, жеке-тұлғалық компоненттеріне сай түзілген өлшемдері мен көрсеткіштері, өлшемдері, жоғары, орта және төмен деңгейлерді құрайтын бұл құрылымның түзіліп, эксперимент түрінде дәлелденуі толығымен жаңа болады;</p> <p>- төртінші қорытынды ретінде жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесінің</p>
--	--	---	---

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>әзірленуі толығымен жаңа болады.</p> <p>Автордың ұсынған болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперменттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған қорытындылар педагогика және болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауда дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО-нда, педагогикалық тәжірибелерінде пайдалануға болады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Ж.К.Стамбекованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидатты айтуға болады: 1) «Инновация», «Инновациялық әрекет» ұғымдарының мәні мен «Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» түсінігі дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Технология» және «Инновациялық әрекет» ұғымдарының мәні (Современные технологии: актуальные вопросы, достижения и тенденции развития: сб. материалов // V Междунар. заоч. науч.-практ. конф. / отв. ред. С.Ю.Широкова. – Стерлитамак: Стерлитамакский филиал БашГУ; Актөбе: Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, 2019. 110-108 беттер) атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>2) Жаңартылған білім мазмұны</p>

			<p>жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, инновациялық идеяны тауып, дамытып, оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастырып, дамыту, инновациялық оқу-тәрбие жүйесін құра білу дағдыларын меңгеруі, олардың әдістемесі жайлы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <i>кең</i> және Бастауыш сынып педагогтарының кәсіби даярлығын қалыптастыруда инновациялық әрекеттің тиімділігі (Хабаршы-Вестник-Bulletin. Серия «Педагогика-психология» № 4 (84), Алматы 2020 «Қыздар университеті» 171-177 беттер) атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>3) Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауда қолданылу деңгейі кең, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін инновациялық әрекетке даярлаудың маңыздылығы» (Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Педагогикалық ғылымдары» сериясы, № 2, 2022.) атты мақаласында дәлелденген.</p> <p>4) Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесі жасалып: «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсына ЖОО педагогикалық үдерісіне енгізгенде және ғылыми инновациялық портал жобасын, ұтымды әдістерді, жаңа инновациялық оқыту құралдары арқылы дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлауда қолданылу</p>
--	--	--	--

			<p>аясы кең, «Training of future primary teachers for innovation in the context of the updated content of education» (World Journal on Educational Technology: Current Issues Volume 13, Issue 4, (2021) P. 758-774) атты мақаласында және «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» (Алматы, 2022. – 80 б.) оқу-әдістемелік құралында дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері автордың 11 жарияланымдарында көрініс тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (51 процентиль). ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 4, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 5. Оқу-әдістемелік құрал – 1.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Докторант Ж.К.Стамбекованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен дидактикалық ұстанымдарын басшылыққа алады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану. Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетінің деңгейін анықтауы атты</p>

			авторлық әзірлемелері мен кесінді тапсырмалары қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық тұжырымдар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Кәсіби даярлау: «Бастауыш білім беру бағдарламалары» бөлімі 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденді. Зерттеу жұмысының «Е» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері он динамиканы көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, инновациялық әрекетке даярлау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті . 166 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар: - «Инновациялық әрекет» пен «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлығы» ұғымдары мен түсініктерінің мәндері нақтыланған; - жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері анықталған;

		<p>- жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған.</p>	
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда практикалық маңызы өте жоғары: -«Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілген; -Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауға бағытталған «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы шығарылған; ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасы дайындалған. Зерттеу жұмысы бойынша теориялық және әдістемелік тұжырымдар болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауда қолданылуы мүмкін.</p>	
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 1). Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауды әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, жоғары педагогикалық оқу орындары оқытушыларымен арнайы дайындықтар ұйымдастыру деп берілген ұсыныс толығымен жаңа; 2). Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастыруда арнайы оқу бағдарламаларын пайдалану, жоғары оқу орны оқытушыларының осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы жүргізулерін қамтамасыз ету деп берілген ұсыныс</p>	

			<p>толығымен жаңа;</p> <p>2). Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастыруда арнайы оқу бағдарламаларын пайдалану, жоғары оқу орны оқытушыларының осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы жүргізулерін қамтамасыз етудеп берілген ұсыныс толығымен жаңа;</p> <p>3). Жүргізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсын, дайындалып, «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралын, ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасын «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы білім алушыларына дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру деп берілген ұсыныс толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Стамбекова Жазира Курманғалиевнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,
қауымдастырылған профессор м.а., PhD,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті М.Ж.Сұлтанбек

20.06.2022

РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы

